

Нәтижеге бағдарланған бюджетті енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 маусымдағы N 544 Қаулысы

Бюджет процесін жетілдіру және нәтижеге бағдарланған бюджетті кезең-кезеңімен енгізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Нәтижеге бағдарланған бюджетті енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар Іс-шаралар жоспарының уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Орталық атқарушы органдар және облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары жарты жылдың және бір жылдың қорытындылары бойынша 10 шілдеге және 15 қаңтарға дейін жылына 2 рет Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

4. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жарты жылдың және бір жылдың қорытындылары бойынша 25 шілдеге және 30 қаңтарға дейін жылына 2 рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

5. "Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 наурыздағы N 273 қаулысына мынадай толықтыру мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Нәтижелерге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірі 8-жолдың 2-бағаны "(1-кезең)" деген сөздермен толықтырылсын; реттік нөмірлері 11, 12, 13, 14, 15 және 16-жолдар алынып тасталсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2008 жылғы 6 маусымдағы
N 544 қаулысымен

бекітілген

**Нәтижеге бағдарланған бюджетті енгізу
жөніндегі іс-шаралар жоспары**

N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушы	Орындалу мерзімі
1	2	3	4	5
1	Мемлекеттік жоспарлау жүйесін жетілдіру			
1.	Орталық атқарушы органдардың нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін және бюджетті енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын бекітуі	Орталық атқарушы органдардың бұйрықтары	Орталық атқарушы органдар	2008 жылғы 3-тоқсан
2.	Макроэкономикалық болжам мен 2009 - 2013 жылдарға арналған фискалдық саясаттың негізгі параметрлерін мақұлдау (2-кезен)	Қазақстан Республикасының Үкіметі мәжілісінің хаттамасы	Э Б Ж М (жинақтау), мемлекеттік органдар	2008 жылғы 3-тоқсан
3.	Орталық атқарушы органдардың 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларын бекіту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары	Орталық атқарушы органдар	2008 жылғы 4-тоқсан
4.	Жергілікті атқарушы органдардың нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін және бюджетті енгізу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын бекітуі	Әкімдіктердің қаулылары	Жергілікті атқарушы органдар	2008 жылғы 3-тоқсан
5.	Өңірлердің 2010 - 2014 жылдарға" арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының және 2010 - 2012 жылдарға арналған бюджеттік параметрлерінің болжамдарын мақұлдау	Әкімдіктер отырыстарының хаттамалары	Жергілікті атқарушы органдар	2009 жылғы 3-тоқсан
6.	Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың 2010 - 2012 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларын бекіту	Әкімдіктердің қаулылары	Жергілікті атқарушы органдар	2009 жылғы 4-тоқсан
	Орталық атқарушы органдардың 2009 -			

7.	2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларын іске асыру туралы есеп жасау және беру	ЭБЖМ-ге есеп	Орталық атқарушы органдар	2010 жылғы 1-тоқсан
8.	Орталық атқарушы органдардың 2009 - 2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларын іске асыру туралы 2009 жылға ЭБЖМ-нің ақпарат пен қорытындылар беруі	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	ЭБЖМ	2010 жылғы 1-тоқсан
9.	Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың 2010 - 2012 жылдарға арналған стратегиялық жоспарларын іске асыру туралы 2010 жылға есеп жасау және беру	Әкімдікке есеп	Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жергілікті мемлекеттік органдар	2011 жылғы 1-тоқсан
10.	Квзимемлекеттік сектор операцияларын мемлекеттік қаржыларға кіріктіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар	Э Б Ж М (жинақтау), Қаржымині	2010 жылғы 1-тоқсан
2. Бюджеттік жоспарлауды жетілдіру				
11.	Жаңа Бюджет кодексінің жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Э Б Ж М (жинақтау), Қаржымині, Әділетмині, мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы 3-тоқсан
12.	2009 - 2011 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы Заң жобасын әзірлеу	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	Э Б Ж М (жинақтау), мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы 3-тоқсан
13.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.04.20. N 553 Қаулысымен			
14.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.04.20. N 553 Қаулысымен			
15.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.04.20. N 553 Қаулысымен			
16.	Республикалық бюджетті жоспарлаудың, орталық мемлекеттік органдар қызметінің нәтижелері мониторингінің бірыңғай ақпараттық жүйесін әзірлеу және енгізу	Бағдарламалық өнім	ЭБЖМ	2008-2011 жылдар
3 .				

Стратегиялық жоспарлауды мемлекеттік органдар қызметінің операциялық деңгейіне көшіру жүйесін енгізу				
17.	2009 жылға арналған меморандумдарды әзірлеу және оларды бекіту	Меморандумдар	Орталық атқарушы органдар	2009 жылғы 1-тоқсан
18.	Орталық атқарушы органдардың 2009 жылға арналған операциялық жоспарларды әзірлеуі	Орталық атқарушы органдардың бұйрықтары	Орталық атқарушы органдар	2009 жылғы 1-тоқсан
4 . Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебі мен қаржылық есептілігін жетілдіру				
19.	ҚСҚЕХС-ны енгізу мәселелері жөніндегі жұмыс тобын құру	Бұйрық	Қаржымині (жинақтау), ЭБЖМ, мүдделі мемлекеттік органдар	2008 жылғы 3-тоқсан
20.	Қазынашылық жүйесі шеңберінде мемлекеттік мекемелердің қаржысы мен активтерін басқару жөніндегі "Қазынашылық-Клиент" бірыңғай бағдарламалық өнімін жасау	Бағдарламалық өнім	Қаржымині	2009 жыл
21.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.04.20. N 553 Қаулысымен			
22.	ҚСҚЕХС талаптарына сәйкес келетін "Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп" бағдарламалық өнімін жасау	Бағдарламалық өнім	Қаржымині	2011 жылғы 1-тоқсан
23.	Бюджеттік жоспарлау органдарының бірыңғай бағдарламалық өнімін қазынашылықтың ақпараттық жүйесімен кіріктіру	Бағдарламалық өнім	Қаржымині	2011 жыл

24.	Пилоттық мемлекеттік органдарда ҚСҚЕХС-ке сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	2012 жыл
25.	ҚСҚЕХС-қа мекемелердің сыртқы аудиторларды оқыту	Семинарлар	Қаржымині	2012 жыл
26.	Барлық мемлекеттік мекемелерде ҚСЕСХС-ке сәйкес бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жүйесін енгізу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині	2013 жылдан бастап
5 . Мемлекеттік органдар қызметінің мониторингі, бақылау, аудиті және бағалау жүйесін енгізу				
27.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.04.20. N 553 Қаулысымен			
28.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.04.20. N 553 Қаулысымен			
29.	Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2009.04.20. N 553 Қаулысымен			
30.	Мемлекеттік органдардың қызметін бағалау жүйесін құру және енгізу	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Э Б Ж М (жинақтау), мемлекеттік органдар	2009 жылғы 3-тоқсан
31.	Ішкі бақылау қызметтерін құру (нығайту)	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Қаржымині (жинақтау), әкімдер, мемлекеттік органдар	2009-2010 жылдар
6. Нәтижеге бағдарланған бюджеттеуді енгізуді қолдау (әлеуетті арттыру)				
32.	Мемлекеттік органдардың мамандарын нәтижелерге бағдарланған бюджеттеудің элементтеріне оқыту	Семинарлар	Э Б Ж М (жинақтау), Қаржымині	2008-2009 жылдар
	Мемлекеттік қызметшілерді ынталандырудың			

33.	нәтижелілік көрсеткіш-терге, лауазымдық регламенттерге негізделетін жүйесін қалыптастыру және енгізу (нәтижелер бойынша еңбекақы төлеу жүйесін енгізу және т.б.)	Нормативтік құқықтық акт	Э Б Ж М (жинақтау), М Қ А (келісім бойынша)	2009 жылғы 3-тоқсан
-----	--	--------------------------	---	---------------------

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

- ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
- Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
- МҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
- ЕК - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті
- Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
- ҚСҚЕХС - қоғамдық секторға арналған қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары